**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING  
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

1160.	Абдуллаева Жасмин Сайдуллақызы	Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы	4977
1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/  
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

**Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы**

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕМДІК САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІНІҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Сайдханова Арайлым Ержанқызы

[saidkhanovaarailym@gmail.com](mailto:saidkhanovaarailym@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының 2-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - «Туризм» кафедрасының философия докторы (PhD), доцент м.а.

Тлеубаева Айтолкын Тлеубайқызы

### Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы сауықтыру туризмінің қазіргі жағдайы мен даму болашағы қарастырылған. Елдің минералды сулар, емдік балшықтар, тұзды көлдер және ерекше табиғи-климаттық ресурстарға бай болуы бұл саланың әлеуетін көрсетеді. Мақалада сауықтыру туризміне әсер ететін негізгі проблемалар мен кедергілер талданады, олардың ішінде инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, қызмет көрсету сапасының төмендігі және маркетингтің әлсіздігі басты назарға алынған. Осы мәселелерді шешу үшін инфрақұрылымды жетілдіру, қызмет көрсету сапасын арттыру, заманауи технологияларды қолдану және халықаралық нарыққа шығу бағыттары ұсынылады. Сондай-ақ, мақалада Алакөл, Сарыағаш, Бурабай сияқты танымал курорттардың даму тәжірибесі қарастырылып, олардың ерекшеліктері мен туризм саласындағы рөлі көрсетілген. Әрбір курорт үшін жеке ұсыныстар беріліп, табиғи және емдік ресурстарды тиімді пайдалану жолдары талқыланған. Бұл салада аймақтық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін кешенді стратегиялар қажет екені айтылған. Сонымен бірге, сауықтыру туризмін дамыту арқылы ішкі туризмді жандандыру және экономикалық пайда алу мүмкіндіктері де сарапталған.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, сауықтыру туризмі, минералды сулар, шипажайлар, емдік балшықтар, экотуризм, медициналық туризм, инфрақұрылым, туризмді дамыту, табиғи ресурстар.

Қазіргі таңда емдік-сауықтыру туризмі әлем бойынша кеңінен дамып келе жатқан сала болып табылады. Көптеген мемлекеттер табиғи ресурстарын пайдалана отырып, туристерге денсаулықтарын жақсарту үшін түрлі қызметтер ұсынады. Қазақстан да өз табиғи байлықтары мен минералды суларын, емдік балшықтарын және климаттық жағдайларын тиімді пайдалана отырып, емдік-сауықтыру туризмін дамытуға әлеуеті бар елдер қатарында. Емдік-сауықтыру туризмі елдің денсаулық сақтау және туризм саласындағы стратегиялық бағыттарының бірі ретінде айрықша маңызға ие. Бұл бағытта Қазақстан ерекше табиғи-климаттық ресурстарымен әлемдік деңгейде бәсекелесе алады. Сондай-ақ, Қазақстанның шипажайлары мен сауықтыру орталықтары денсаулық сақтау саласының маңызды бөлігі болып табылады және бұл сала ел экономикасына елеулі үлес қосуға қабілетті. Олардың ішінде ең танымалдары — Алматы облысындағы Қапшағай курорты, Бурабай курорты, Мойынқұм шипажайы, Сарыағаш шипажайы және Алматыдағы Шымбұлақ сынды жерлер. Алайда, осы байлықтардың әлеуеті толық көлемде пайдаланылмай келеді. Сондай-ақ, емдік-сауықтыру туризмінің әлеуетін толық пайдалану үшін тиісті инфрақұрылымды дамыту, заңнамалық негіздерді жетілдіру, маркетингтік стратегияларды тиімді пайдалануды қолға алу қажет. Осыған байланысты, Қазақстандағы емдік-сауықтыру туризмінің қазіргі жағдайы мен даму болашағы өзекті зерттеу тақырыбына айналып отыр [1].

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы емдік-сауықтыру туризмінің қазіргі жағдайын талдау, оның дамуындағы негізгі мәселелерді анықтап, перспективалық шешімдер мен мүмкіндіктерді ұсыну. Осы саладағы инфрақұрылымның жетіспеушілігі, маркетингтік жұмыстардың әлсіздігі, халықаралық нарықта Қазақстанның емдік туризм

шипажайларының төмен бәсекеге қабілеттілігі сияқты мәселелерді шешу үшін ғылыми негізделген ұсыныстар мен осы мақсатқа қол жеткізу үшін инвестициялық ахуалды жақсарту және туристік саланы дамытуға ықпал ететін инфрақұрылымды құру шаралар жасау көзделген. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Елдің болашағы азаматтарымыздың денсаулығына, олардың қаншалықты жемісті еңбек ете алатынына және кейінгі ұрпаққа не қалдыратынына байланысты. Сондықтан да, халықтың денсаулығы – Қазақстан халқына арналған Президенттің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауындағы негізгі басымдықтардың бірі» [2].

Зерттеу барысында, Қазақстандағы емдік сауықтыру орындарының қазіргі жағдайына аналитикалық талдау және статистикалық талдаулар жасалып, салыстырмалы әдістер де қолданылды. Қазақстанның емдік-сауықтыру туризмінің жағдайын бағалау үшін мемлекеттік бағдарламалар, ұлттық статистика комитетінің мәліметтері, сондай-ақ халықаралық зерттеулердің деректері қарастырылды. Қарастырылып отырған мәселе аясында Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмнің жағдайы мен даму шарттары зерттелді және Қазақстандағы емді-сауықтыру орындарының, шипадайлардың жағдайы мен даму әлеуетін анықтау үшін сапалық талдау жүргізілді. Зерттеу дереккөздері ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, халықаралық ұйымдардың баяндамалары және отандық және шетелдік ғылыми еңбектер пайдаланылды.

Қазақстандағы емдік-сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағына қатысты нәтижелерді талдай отырып, еліміздің бұл салада үлкен әлеуетке ие екенін атап өтуге болады. Қазақстанның әртүрлі аймақтарында орналасқан сауықтыру орындары мен шипажайлар табиғи ресурстарының молдығы арқасында туристерге емдік қызметтер ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, Алакөл, Рахман қайнарлары мен Сарыағаш сияқты курорттар минералды суларымен танымал болса, ал Бурабай мен Шымбұлақ табиғи сұлулығы мен экологиялық ерекшеліктері арқылы сауықтыру туризмін дамытуға септігін тигізеді. Бұл курорттар тек денсаулықты жақсартуға ғана емес, сонымен қатар туристерге демалыс пен табиғаттың сұлулығынан ләззат алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Қапшағай мен Мойынқұм сияқты аймақтарда емдік балшықтар мен термалды минералды сулары. Бұл курорттар мен шипажайлар өздерінің табиғи ресурстарын тиімді пайдалана отырып, туристерге сапалы емдеу қызметтерін ұсынады және олардың денсаулығын жақсартуға бағытталған кешенді сауықтыру бағдарламаларын жүзеге асырады. Елімізде сауықтыру туризмінің дамуы жаңа қызметтер мен бағдарламаларды енгізуге жол ашады. Мысалы, экотуризм мен медициналық туризмді біріктіру арқылы жаңа туризм өнімдерін жасау мүмкіндіктері бар. Қазақстанның табиғи байлықтарын тиімді пайдалану арқылы жаңа сауықтыру бағдарламаларын ұсыну, туристерге әртүрлі емдеу әдістерін, сонымен қатар табиғатпен үйлесімді демалу мүмкіндіктерін көрсету артады. Қазақстандағы сауықтыру орындары мен шипажайлардың болашағы жарқын. Бұл сала табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, халықаралық нарыққа шығу және сапалы қызмет көрсету арқылы айтарлықтай даму әлеуетіне ие. Әрбір курорт өзінің табиғи ерекшеліктері мен емдік мүмкіндіктері арқылы туристерді тартуға және еліміздің экономикасына маңызды үлес қосуға қабілетті. Осы тұрғыда, Қазақстандағы танымал курорттық орындар мен шипажайлардың орналасу орнына байланысты емдік сауықтыру ресурстары мен олардың адам денсаулығына берер пайдасы жинақталды (кесте 1).

**Кесте 1 - Қазақстан өңірлеріндегі танымал емдік-сауықтыру орындары мен шипажай, курорттары және олардың ерекшеліктері**

<b>Курорт/ Шипажай</b>	<b>Орналасқан жері</b>	<b>Емдік-сауықтыру ресурстары</b>	<b>Емдік-сауықтыру орындарының пайдасы</b>
<b>Алакөл курорты</b>	Шығыс Қазақстан және Алматы облыстары	Минералды сулар, тұзды көл, емдік шөптер мен саз балшықтар арқылы емдейді.	Тері аурулары: псориаз, экзема, емдеуде тиімді. Өкпе және тыныс алу жүйесін жақсартады.
<b>Сарыағаш</b>	Түркістан	Құрамы минералдарға	Асқазан-ішек жолдары, зәр

<b>шипажайы</b>	облысы Сарыағаш ауылы	бай атақты “сода” термалды қайнар көздері, азотты акротермалар, емдік саз балшықтар арқылы емдейді.	шығару, өт жолдары, бауыр, эндокринді жүйе аурулары, созылмалы интоксикация мен тері ауруларына ем.
<b>Оқжетпес шипажайы</b>	Ақмола облысы	Ғажайып табиғат, қымыз, емдік саздар мен минералды сулар, таулы орманның саф ауасы мен емдік шөптер арқылы емдейді.	Тыныс алу органдары, асқазан-ішек жолдары, жүрек қан тамыр жүйесі, қимыл тірек аппараты ауруларын емдейді.
<b>Алма-Арасан шипажайы</b>	Алматы қаласы Іле-Алатау бөктері	Радонды күкіртсутекті ыстық сулар (36-40°C), әлсіз минералданған су қайнарлары мен таудың таза ауасы арқылы емдейді.	Тері мен буын ауруларына ем, стресс пен шаршау, психоэмоциналдық ты қалпына келтіруге көмектеседі.
<b>Манкент шипажайы</b>	Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы	Құрамында күкірт, натрий, йод, бром, хлор бар минералды сулар арқылы емдейді.	Асқазан, ішек жолдары, гастрит, мұрын қуысы аурулары, өт қалтасы, тоқ ішек аурулары, буын аурулары, ревматизм, омыртқа остеохандрозы, бел ауруы, зоб ауруы, жыныс аурулары мен тері ауруларын емдейді.
<b>Рахман қайнарлары</b>	Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы	Құрамында радон мен көмірқышқыл газының мол үлесі, натрий, кальций элементтері бар, тұщы, минералды суы арқылы емдейді.	Асқазан, ревматизм, жүйке, тыныс ауруларына және әртүрлі улану мен тыныс ауруларын емдейді.
<i>Ескертпе – [3,4,5] дереккөздері негізінде әзірленген</i>			

1-ші кестеден көріп тұрғанымыздай, Қазақстанда емдік-сауықтыру орындары жетерлік және Қазақстанның емдік-сауықтыру туризмінің болашағы зор. Себебі еліміз әр өңірінде бір өңіріне ұқсамайтын ерекше табиғат байлықтары мен табиғи ресурстарыны бай. Тіпті, олардың таза ауасы мен әсем табиғатының өзіне дем алып, тұла бойың тазарып қалады. Мысалы, оңтүстіктегі Сарыағаш шипажайлары қабыну процесін емдеуге көмектесетін және адам ағзасының жалпы жағдайына оң әсер ететін, сондай-ақ ұзақ мерзімді аурудан кейін иммунитетті қалпына келтіруге көмектесетін минералды қайнар көздерімен танымал. Айта кету керек, Сарыағаштың Көктерек кенті еліміздегі шипажайлардың ең көп шоғырланған орны.

Шығыстағы Қатон-Қарағай термалды радон қайнарлары емдік қасиеттері бойынша халықаралық бәсекелестерінен кем түспейді және әртүрлі эндокриндік ауруларды емдеуге көмектеседі. Аталған өңірдің табиғаты жазда да, қыста да бірдей әдемі. Бұл жергілікті шипажай — курортты аймақтарға жылдың кез келген уақытында демалуға мүмкіндік береді.

Ал, еліміздің батысындағы шипажайлар буын, жүйке жүйесін, гинекологиялық және урологиялық патологияларды, сондай-ақ тері ауруларын емдеуге және алдын алуға бағытталған. Бурабай және Қостанай қарағайлы ормандарының экологиялық таза ауасы, емдік балшығы, әдемі таулы ландшафт және бірегей табиғи көрікті жерлер денсаулығын жақсартқысы келетіндер үшін тағы бір сұранысқа ие шипажай-курортты аймаққа айналдырды.

«Қазақстан сауықтыру туризмін дамыту үшін түрлі туристік-рекреациялы ресурстарға ие. Шипажай-курортты кешендердің көпшілігі жыл бойы жұмыс істейді. Бұл маусымнан тыс

уақытта бағаны төмендетуге мүмкіндік береді, сол арқылы демалыс пен емдеуді одан әрі қолжетімді етеді. Кейбір пансионаттар атпен серуендеу, тарихи және табиғи көрікті жерлерге экскурсиялар жүргізу, әртүрлі спорттық және ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру және т.б. бірқатар қосымша қызметтерді де ұсынады», — деді Туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев [6].

Табиғи ресурстардың молдығы, экологиялық таза аймақтар мен сауықтыру бағдарламаларының әртүрлілігі еліміздің осы салада үлкен әлеуетке ие екенін көрсетеді. Алайда, инфрақұрылымның дамымауы, қызмет көрсету сапасының әртүрлілігі және халықаралық нарықта жеткіліксіз танылуы сияқты мәселелерді шешу қажет. Бұл мәселерді шешу арқылы Қазақстан өзінің сауықтыру туризмін дамытуға мүмкіндік алады, сонымен қатар ішкі туризмді жандандырып, экономикалық пайда ала алады. Тағы бір мәселе, бұл сауықтыру орындарына бару құнын екінің бірі қалтасы көтере бермейді. Сондықтан, мұнда көбіне адамдар ауруы қатты асқынғанда келеді немесе зейнеткерлерге ғана жеңілдіктер қарастырылған. Сол себепті де халық арасына мұндай емдік-сауықтыру орындары тек жасы келген қарттар мен белгілі бір ауруға ем іздеп келгендерге ғана арналады деген ой қалыптасып қалған.

Қазақстандағы емдік-сауықтыру орындарына келушілердің жас санаттарын анықтау үшін “Сіздің жасыңыз нешеде?”, “Сіз емдік сауықтыру орындарына барасыз ба?” деген сұрақтар қою арқылы сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға екі апта ішінде 40 адам қатысты. Сауалнама нәтижесінде емдік-сауықтыру орындарына келушілердің жас тобы анықталды (сурет 1).



*Ескертпе – зерттеу нәтижесінде автормен әзірленген*

**Сурет 1 - Қазақстандағы емдік-сауықтыру орындарына келетін туристердің жас көрсеткіші бойынша үлесі (2025 жыл)**

1-ші суретте көріп тұрғанымыздай, Қазақстанның емдік-сауықтыру орындарына жастар мен балалар өте сирек келеді. Сондай-ақ, орта жастағылар да, егде жастағы адамдарға қарағанда аз баратынын байқаймыз. Сондықтан, Қазақстандағы емдік-сауықтыру орындарын дамыту үшін инфрақұрылымды жетілдіру, шиажайларды жаңарту және заманауи медициналық жабдықтарды енгізу қажет. Маркетингтік стратегияны жақсарту арқылы туристік орындарды халықаралық деңгейде жарнамалау, әлеуметтік желілер мен платформаларда белсенді насихат жүргізу маңызды. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану үшін әр аймақтың ерекшеліктеріне негізделген емдеу бағдарламаларын жасау және жас ерекшеліктеріне байланысты жаңа қызмет түрлерін (СПА, физиотерапия, экотуризм) енгізу қажет. Мамандарды халықаралық стандарттарға сай даярлау, қызмет көрсету сапасын арттыру және көптілді мамандарды тарту міндетті. Баға саясатын қайта қарап, қазақстандықтар үшін шипажайларды қолжетімді ету, сондай-ақ жеңілдіктер ұсыну арқылы келушілер санын көбейту керек. Туризм саласына инвестиция тарту үшін салықтық жеңілдіктер енгізу және жеке секторды ынталандыру қажет. Маусымаралық қызметтерді дамыту, туристік маршруттарды әртараптандыру және шетелдік туристерге арналған арнайы пакеттерді жасау ұсынылады.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы емдік-сауықтыру туризмінің қазіргі жағдайы үлкен әлеуетке ие болғанымен, оның толық көлемде дамымағаны байқалады. Елдің

минералды сулар, емдік балшықтар және климаттық ерекшеліктер сияқты табиғи ресурстары бұл саланы дамытуға қолайлы негіз болып табылады. Дегенмен, инфрақұрылымның жетіспеушілігі, қызмет көрсету сапасының төмендігі және халықаралық деңгейде танымалдықтың аздығы негізгі кедергілер болып отыр. Бұл саланың болашағы инфрақұрылымды жақсарту, заманауи технологияларды енгізу, халықаралық нарыққа шығу, туристерге тартымды жаңа қызмет түрлерін ұсыну және мемлекеттік қолдауды күшейту арқылы айқындала алады. Қазақстанның шипажайлары мен курорттарын дамыту арқылы ел экономикасына үлес қосу, халықтың денсаулығын жақсарту және әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті орын алу мүмкіндігі зор. Қазақстандағы емдік-сауықтыру туризмінің жағдайы қарқынды даму үшін зор мүмкіндіктерге ие болғанымен, қолда бар ресурстардың әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Елдің минералды сулар, емдік балшықтар, ерекше климаттық аймақтар сияқты табиғи байлықтары бұл саланың негізі бола алады. Алайда, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, шипажайлар мен курорттардың халықаралық стандарттарға сай болмауы, заманауи маркетинг стратегияларының әлсіздігі сияқты мәселелер саланың дамуын тежейді. Сонымен қатар, білікті кадрлардың тапшылығы мен қызмет көрсету сапасының төмендігі де маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Емдік-сауықтыру туризмін дамыту үшін инфрақұрылымды жаңғырту, заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдерді енгізу, табиғи ресурстарды зерттеу және тиімді пайдалану қажет. Туристік өнімдерді әртараптандырып, экотуризм, медициналық туризм және демалыс туризмін біріктіру арқылы жаңа бағдарламалар ұсыну маңызды. Халықаралық деңгейде тартымды болу үшін шетелдік туристерге бағытталған жарнамалық стратегиялар мен сапалы қызмет көрсету стандарттарын енгізу қажет. Еліміздің сауықтыру орындары мен шипажайлары халық денсаулығын жақсартумен қатар, ел экономикасына елеулі үлес қосуға қабілетті. Бұл сала табиғи байлықтарды тиімді пайдалану, инвестиция тарту және мемлекеттік қолдау арқылы одан әрі дами алады. Қазақстанның емдік-сауықтыру туризмі әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болып, еліміздің халықаралық аренадағы беделін арттыратын маңызды бағыттардың біріне айналуы мүмкін.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. (2023). Қазақстандағы шипажайлар мен курорттардың қызметі туралы мәліметтер. <https://stat.gov.kz>
2. Қазақстан Республикасының Президентінің ресми сайты. (2015) ҚР-ның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Нұрлы Жол – Болашаққа бастар жол. 2014ж, 11
3. Жүнісов, Б. (2021). “Сарыағаш шипажайының емдік мүмкіндіктері”. ҚазҰУ хабаршысы: География және табиғатты пайдалану сериясы.
4. Смагулова, А. (2020). “Қазақстандағы Бурабай курорттық аймағының даму перспективалары”. Туризм және экология ғылыми журналы.
5. Жарылқасынов, Ә. (2019). “Алакөлдің емдік қасиеттері және оның туризмдегі рөлі”. Орталық Азия зерттеулері.
6. Туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев. - Астана, 2015.

## **ЛОУКОСТ ӘУЕ ТАСЫМАЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМ САЛАСЫНА ЫҚПАЛЫ**

**Сайын Мадина Саматқызы**

[smadins28@mail.ru](mailto:smadins28@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті, Туризм кафедрасының 4 курс білім алушысы, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – магистр, аға-оқытушы Омарова А.С

**Аннотация.** Әуе көлігі туризм үшін ерекше маңызды. Соңғы онжылдықтардағы халықаралық туризмнің айрықша өсуі әуе көлігінің дамуына кем түспейтін дәрежеде ықпал